

Ескелді аудандық мәслихатының 2018 жылғы 30 қаңтардағы № 25-165 "Ескелді ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Ескелді аудандық мәслихатының 2020 жылғы 26 мамырдағы № 65-372 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2020 жылы 8 маусымда № 5538 болып тіркелді. Күші жойылды - Жетісу облысы Ескелді аудандық мәслихатының 2023 жылғы 6 желтоқсандағы № 16-50 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жетісу облысы Ескелді аудандық мәслихатының 06.12.2023 № 16-50 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-3-тармағына және "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, Ескелді аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ескелді аудандық мәслихатының "Ескелді ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2018 жылғы 30 қаңтардағы № 25-165 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4529 тіркелген, 2018 жылдың 02 наурызында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Ескелді ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

6-тармақтың 1) және 4) тармақшалары келесі редакцияда баяндалсын:

"1) 15 ақпан – Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күні;"

"4) 29 тамыз - Семей ядролық сынақ полигонның жабылған күні.";

7-тармақтың 1) және 5) тармақшалары келесі редакцияда баяндалсын:

"1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері – 200 айлық есептік көрсеткіш;"

"5) әлеуметтік мәні бар аурулармен ауыратын азаматтарға отбасы табыстарын есепке алмай – 5 айлық есептік көрсеткіш;"

7-тармақ мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) жан басына шаққандағы орташа табысы облыс бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінің жетпіс пайыздық қатынасынан аспайтын, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және оқытылатын балалары бар отбасылар – 5 айлық есептік көрсеткіш.";

7-тармақтың үшінші абзацтың 3) тармақшасы келесі редакцияда баяндалсын:

"3) осы Қағидалардың 7-тармағының 10) тармақшасын есептемегенде, облыс бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінде бір еселік қатынас шегінен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстың болуы.";

11-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ескелді аудандық мәслихатының "Тұрғындарды әлеуметтік қорғау, еңбек, жұмыспен қамту, білім, денсаулық сақтау, мәдениет және тіл мәселелері жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ескелді аудандық мәслихаты сессиясының төрағасы
Ескелді ауданы мәслихатының хатшысы

Г. Нам
К. Алпысбаев